

алдымен жоспарлаудан бастадым. Біліктілікті арттыру курсынан алған білімімді іс-тәжірибеме ұштастыра алсам, ешуақытта ұтылмаймын деп ойлаймын. Әрине, мен мектепті дамыту бағдарламасын бірден енгіземін деп айта алмаймын. Мектепті дамыту бағдарламасы көп уақытты, қажырлы еңбекті талап етеді. Сол себепті мен және мектеп ұжымы үнемі іздену үстінде болуы керек деп ойлаймын.

Мен осы жоспарлаған жұмыс түрлерінің барлығын «Ұлағат» кәсіби желілік қоғамында талдап, талқыға салдық. Мұнда ең алдымен, жалпы мұғалімдердің алдында тұрған басты проблема-оқушы сауаттылығы. Мектеп оқушыларының сауаттылық деңгейін қалай көтеруге болатыны жөнінде пікірталас жүргізілді. Сонымен бірге әріптестеріммен кеңесе отырып алдағы уақытта «Lesson study» өткізудің тиімділігін талдап, талқылап кеттік. Қазіргі кезде бірқатар елдерде «Lesson study» мұғалімдердің педагогикалық білімдері мен тәжірибесін дамытуға арналған тиімді құрал ретінде белсенді енгізіліп жатыр. «Lesson study» ең бастысы «сабақты зерттеу» немесе «сабақты зерделеу» үдерісі болып табылады. Атап айтқанда, «Lesson study» тәжірибені жақсартудың демократиялық жолы болып табылады. [МАН, 50-бет] деп көрсеткендей бұл әдіспен сабақ өткізудің біздің іс-тәжірибімізге қосар үлесі зор деп ойлаймын.

Біз жаңа форматта жаңа білім беру мазмұнындағы мектепте көп жетістіктерге жетеміз деп ойлаймын. Өйткені, мектеп ұжымы үнемі ізденісте жүреді. Онда менің мектебім заман талабына сай табысты мектептер қатарында болатынына сенімдімін.

Әдебиеттер тізімі

1. МАН I деңгейі. 2014 жыл.
2. МАН III деңгейі. 2012 жыл.
3. «Тәжірибедегі рефлексия» МАН. 2016 жыл.

УДК 711.7

ОҚУ МАҚСАТЫ: ЕРЕКШЕЛІГІ, ҚИЫНДЫҒЫ, ҰТЫМДЫЛЫҒЫ

Исина А. – «Ынтымақ ЖББМ» КММ –нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Берілген мақалада оқу мақсаты, оның оқу және оқыту үрдісінде алатын орны жайлы сипатталған. Оқу мақсатының күнделікті оқыту үрдісіндегі айрықша ерекшеліктері, қиындығы мен ұтымдылығы мазмұндалған. Оқу мақсатын үнемі назарда ұстау және ескерілмеген жағдайда болуы мүмкін мәселелер, сонымен бірге ол мәселеден шығу жолы сындарлы түрде ұсынылған.

Түйінді сөздер: оқу мақсаты, критерий, оқыту үрдісі, ойлау деңгейі, қалыптастырушы бағалау.

Жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасына 2017 жылдан бері білім беру үрдісінде, яғни сабақ үрдісіне даярлануда сабақтың қысқа мерзімін жазуда көптеген өзгерістер енгендігі баршаға мәлім. Сол ерекшеліктің, өзгешеліктің бірі – оқу мақсаты. Әлбетте, бұрынғы оқытуда ең бастапқысы оқу бағдарламасының мазмұны болып еді, ал қазіргі таңда – оқу мақсаты. Әлбетте, бұрындары, оқу мазмұны болғандықтан, тақырыпқа қатты мән беруші едік, ал қазіргі таңда тақырып – жай ғана ресурс. Иә, осы ретте оқу мақсатын жете қарастырған жөн, себебі жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқу мақсатының барлық педагогикалық ұжыммен ұғынуы, ұғынбауы, дұрыс жүзеге асырылуы, жүзеге асырылмауы – екі талай мәселе болғандықтан, әлі де шешімін таппай жүрген әдістемелік бір проблема болып тұрғандығы белгілі.

Оқу мақсаты – оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқу курсы аралығында білу, түсіну және дағды жетістіктеріне қатысты күтілетін нәтижелерді қалыптастыратын тұжырым [4]. Оқу мақсаты – оқушы бойында үлкен өмірге қажетті болып табылатын дағдылар мен құндылықтардың жиынтығын талап ететін бағдарламаның бірден-бір негізгі бөлігі. Оқу мақсаты да пәннің оқытылу ерекшелігіне орай оқушы бойына қажетті болып табылатын дағдыларға да айрықша бөлінетін болып келетін топтастырылған спиральді жүйе екендігін де ескерген жөн. Мәселен, мемлекеттік тілде оқытылатын білім беру ұйымдарында оқу мақсаты күрделі келетін пәндердің бірі – қазақ тілі мен қазақ әдебиеті. Әлбетте, оқу мақсатының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа жүйелі, сындарлы, өсім түрінде әр сыныпқа бөлек белгіленген. Әр сыныптағы білім алушылардың жас ерекшеліктерінің ескерілуімен дағды бойынша оқу мақсатының мазмұны да өзгеріп отырады.

Мазмұны дегеніміз – бесінші сыныптардағы білім алушылардан талап етілетін нәтиже – білу мен түсіну – ойлау дағдыларының ең жеңіл формасы болып табылса, оңайдан орташаға қарай ойлау дағдысының бір түрі болып табылатын «қолдану» дағдысына қатысты мақсаттар да арасында кезігеді. Одан кейінгі сыныптарда талдау, жинақтау, бағалау. Бағалаудың өзі екі түрлі құбылыс пен затты салыстыра келе, өзіндік тұжырым жасау арқылы бағасын беру деген секілді түріне дейін күрделене

түседі. Әлбетте, бұл ретте айта беретін болсам, мәселенің барлық өзектілігі мен оның зерттеушілік сипаты ашылмай қалуы да әбден мүмкін.

Дағды ойлау дағдыларының деңгейімен байланысты. Ойлау дағдыларының деңгейлері – әрбір деңгейі ойлау дағдыларын анықтауды қалыптастыруға бағытталған оқу мақсаттарының иерархиялық өзара байланыстағы жүйесі. Ал білім алушының оқу жетістігінің деңгейі – бағалай критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістігін дамыту деңгейі [4].

«Қазіргі кездегі білім беру үрдісінде оқу мақсатына қатысты қандай қиындық бар?» деген сауал міндетті түрде туындайтын болса, өзіндік сабаққа қатысу, мектепішілік бақылау жасау бойынша, зерттеу сабақтарына қатысу, жалпы басқа да мақсаттарда сабаққа қатысуға қатысты зерделеу жұмыстарынан бір байқағаным – оқу мақсатын кейбір педагогикалық әріптестерімнің толыққанды түрде кейде жүзеге асыра алмауы, не болмаса дұрыс айтылмауы, ескерілмеуі, дұрыс орындай алмауы. Әлбетте, көптеген мұғалімдер қазіргі таңда көбінесе оқу мақсатын ұмытып кетіп, тақырыпты ғана ойлап кетіп, негізгі фокуста тақырыпты ғана ұстанатын әріптестер біршама кездеседі. Сондықтан, бұл орайда жаңартылған білім берудің негізгі қағидасы – білім беру емес, білімді қалыптастыру. Осы жағдайда, мұғалім – сабақ беруші емес, білім беру үрдісін жетектеуші, бағыт-бағдар беруші, кері байланыс жасаушы тұлға. Оқу мақсатынан тақырыпқа өтіп кете берудің қандай себептері бар болуы мүмкін, оларды бөлек алып қарастырып көруге болады:

1. Білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтпеген, болмаса курс өту барысында толыққанды мақсатына жетпеген, курс мазмұнын оңтайлы меңгермеген;

2. Оқу мақсатын түсіне білмейді, айыра білмейді;

3. Әдістемелік бағыт бойынша білігі төмен;

4. Күнделікті білім беру үрдісіне тыңғылықты даярланбайтын;

5. Өз қателігімен, кемшілігімен талдау, сараптау жұмыстарын жүргізбейтін;

6. Түзету жұмыстарын жасамайтын және т.б.

Әлебетте, оқу мақсатына жетпеген, оқу мақсатын емес, тек тақырыпты көздеген сабақтардан білім алған оқушы мен оқу мақсаттарына негізделген оқу үрдісіндегі білім алушы тұлғаны алып, олардың бойындағы таным-дағды деңгейлерін салыстырып көрелік, яғни екі бағытқа бөлетін болсақ, нәтижесі төмендегідей әбден болуы мүмкін.

Тақырыпқа негізделген оқу үрдісіндегі оқу мақсатының ерекшелігін ескермеген жағдайда білім алушы:

- тақырыпқа қатысты барлық ақпарат пен мәліметтерді игергенмен, толық түрде жеткізе алмайды;

- берілген тест, кесте, диаграмма, т.б. түріндегі тапсырмаларды қатемен, қатесіз орындайды;

- оқулықтағы тақырыптық мәтінде өмірмен байланыстыруға қатысты сөйлемше, сөйлем берілмегендіктен тақырыптың өміршеңдігін айыра, ажырата алмайды;

- кейіпкерлер мен автор арасындағы қарым-қатынасты салыстырып, өзіндік анықталған ақпаратты әлемдік деңгейдегі мәліметтермен, ұқсас жайттармен салыстырмалы түрде өз пікірін бағалау түрінде бере алмайды;

- оқушының жетістігі мен кемшілігін тек мұғалім ғана ескереді;

- оқушы мен оқушы арасындағы білімді толықтыруға қатысты жұмыс түрлері мүлдем қолданылмауы мүмкін, не болмаса дұрыс қолданылмауы әбден мүмкін.

Оқу мақсатына негізделе құрастырылған оқу және оқыту үрдісіндегі ұтымдылығын, артықшылығын ескергенде білім алушы:

- сабақтан қандай әрекетті атқарса қандай дағдыны қалыптастырып, дамыту, бекіту мүмкіндігін бірден ескереді;

- белгіленген оқу мақсатынан анықталған критерийге сәйкес өзінің білімімен, танымымен жаттығулар мен тапсырмаларды орындайды;

- тапсырманың орындалуы шарты, талаптарын дескрипторға сәйкес қатар алып отырады;

- критерий, дескрипторға сүйене отыра өз жауабын, өзгенің жауабын толықтырады, кері байланыс ұсынады;

- тақырыптың өмірмен байланысын бірден айқындай алады;

- мәселенің шығу жолын, шешу жолын ұсына алады;

- тақырыптың, мәселенің өмірдегі пайдасы мен зиянын, жағымдысы мен жағымсызын бірден айқындап, өзіне қажеттісін назарда ұстайды;

- спиральді оқу, жүйелі сөйлеу, сыни және сындарлы, сауатты сөйлеу дағдыларын меңгереді;

- оқылым стратегияларын тиімді қолданады: іріктеп оқиды, зерттеп оқиды;

- түйін, тұжырым, рефлексия жасаудың алғышарттарын біледі;

- сын, пікір білдіруде жеке тұлғаға емес, әрекетке, тапсырма орындалудағы дағды деңгейінің көрінісіне ойын бағыттайды;

- тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай сөйлеу ретін, қағидатын ескереді және т.б.

Осы орайда оқу және оқыту үрдісінде оқу мақсатының өзіндік ерекшелігі, артықшылықтарының басым екендігін ескере білген дұрыс. Бұл мәселелерді әр білім беру ұйымдарында ұжым болып, фокус топ, шығармашылық топ, бірлестік топтары болып, мәселеден шығу жолын ортаға салып, әдістемелік бағыттағы қателікті жібермеудің жолын қарастыруға міндетті түрде болатындығын ескеру қажет. Ең негізгілерін бөлек атап өткім келеді:

1. Үнемі ұйымдасқан топ арасында жұмыс атқару, топпен ақылдасу, кеңесуді үнемі фокуста ұстау;

2. Өзің білмесең, өзің түсінбесең, өзгеден сұра, өзгеден қара, өзгеден үйрен, арланба. Бұл орайда педагог әрқашан да оқу мен үйрену үстінде жүретіндігін естен шығармаған жөн;

3. Оқу мақсатының мағынасына қатты мән бер. Оқу мақсатына «нені не істеуім керек?», «нені қайтемін?», «Нені не істеймін?» деген секілді сұрақтарға жауапты оқу мақсатынан іздеуді үйренген жөн;

4. Оқу мақсаты тым күрделі болса, 3-тармақта айтылған үлгі бойынша нақтылықты ажырата алмасаңыз, оқу мақсатындағы етістіктерге мән берген жөн;

5. Оқу мақсатындағы етістіктердің, яғни баяндауыштардың толықтауыштармен қатар жүруін естен шығармау;

6. Сол баяндауыш пен толықтауыштың сабақ мақсатын шығарғанда қайталануын ұмытпау;

7. Сабақ критерийлерінде, тапсырма дескрипторларында сол әрекетке туыстас сөздерді негізгі жетектеуші басшылық ретінде қолдануды фокустан шығармаған жөн;

8. Педагог ретінде өзі ғана осы техникаларды ғана меңгермей, білім алушылардың да оқу мақсатынан сабақ критерийлерін анықтау мен ажырату жолдарын жаттықтыру;

9. Оқу мақсатындағы дағдыларға қатысты оқу үрдісінің басынан аяғына дейін кері байланыс жасауда әлгі дағды мен әрекеттерді негізгі фокуста ұстау, кері байланыс жасауда соған тікелей байланыстыру, сабақ, яғни оқу және оқыту үрдісінің соңында кері байланысты және рефлексияны сол оқу мақсатына қатысты етіп талдау, саралауды жүйеге енгізу;

10. Оқу мақсаттары бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды үнемі пысықтап, меңгерілуі қиын, меңгерілуі орташа, меңгерілуі жеңіл деген оқу мақсаттарына мониторинг жасап отыру;

11. Меңгерілуі қиын болып табылатын оқу мақсаттарын білімдегі олқылық ретінде болмауы мақсатында жоспарлау жұмыстарын белсенділендіру, яғни қиын оқу мақсаттарын қосымша сабақтарда да негізге алу, қайталау жұмыстарын жүргізуді назарда ұстау және т.б.

Яғни, мемлекеттік стандартпен белгіленген үлгілік оқу бағдарламасындағы бөлім, одан оқу мақсаттары, одан туындайтын бағалау критерийлері яғни басқаша тілмен айтқанда сабақ мақсаты, одан туындайтын ойлау дағдыларының деңгейлері ажыратылады, айқындалады. Содан кейін барып, осы бағытта түрлі деңгейдегі тапсырмалар белгіленіп, оларға дескрипторлар мен былтырғы жылдан бастап қалыптастырушы бағалаудың 10 ұпай жүйесінің белгіленуі міндетті түрде ескерілуі шарт. Қалыптастырушы бағалау – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы тікелей байланысты қамтамасыз етіп, үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі [4]. Сәйкесінше әрбір сабақтағы оқу мақсатына қол жеткізу үшін, сабақ критерийлеріне сәйкес құрылған қалыптастырушы бағалаудың тапсырмаларының орындалуына, құрылуына аса қатты мән берген жөн. Мәселен, былтырғы оқу жылынан бері айқын болып келе жатқан 10 ұпайды сабақ барысындағы тапсырмаларға дескрипторымен тең қылып белгілеу, үйлестіру – білім алушының оқу жетістігі деңгейінің артуына себепші болатындығы айқын. Білім алушының оқу жетістігі деңгейі – бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістігін дамыту деңгейі [4]. Мәселен, оқушы, білім алушы сол күнгі оқу мақсаты бойынша қандай дағдыға қол жеткізді, соны өзіне ескеріп отырады. Осы бойынша дағдыларды аздап белгілеп кетсем:

- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтай алады;

- мәтіннің негізгі ойын дұрыс ажыратады;

- мәтіндегі кейіпкерлердің өмірде ұқсас жағдайларына көрініс сипаттарын ажыратады, талдайды, бағасын бере алады;

- автор мен кейіпкерді, автор мен оқырманның қарым-қатынасын ажыратады;

- кейіпкерлер жүйесін даралап, саралап, оған дәлелдерін мәтіннен жылдам таба алады;

- мәтін бойынша сұрақтар құрастырады, сұрақтарға жауапты дәлелді ұсынады;

- мәтіннің авторына, қолданылған ақпараттарға сілтеме жасайды;

- стильдік, жанрлық ерекшеліктерін, тілдік құрылымдарын дұрыс анықтайды, ажыратады, талдайды;

- мәтін мазмұны бойынша ұлттық құндылық негізінде рухани және материалдық құндылықтарды ажыратады;

- тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдауға машықтанады және т.б.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шығара келе, жаңартылған білім беру мазмұны аясында шешілуі ұзақ болып бара жатқан оқу мақсаттарын дұрыс және тез ұғыну, оқу мақсаттарын тиімді және оңтайлы жүзеге асырудың негізгі және ең бастапқы техникаларын үнемі назарда ұстаған болса, жас мамандар, тәжірибесі мен білігі әлі де аздау болып табылатын педагогикалық кадрлардың бірнеше әдістемелік мәселенің басы болып тұрған мәселеден арылтатындығы айқын. Себебі, оқу мақсатын

ұғынсаңыз, бірнеше әдістемелік мәселе де оңтайлы шешілетін болады. Өз білімін жетілдіру, әдістемелік тақырыппен жұмыс жасау да дұрыс жолмен орындалуына дұрыс бағдар болады. Ең бастысы, еңбектену, іздену, үйрену, тәжірибе жинақтау, ал жинақталған тәжірибе болса, онымен бөлісу, қорытындылап отыру қажеттігі естен шығарылмаса деймін.

Әдебиеттер тізімі

1. Орта, жалпы орта білім беруге «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
2. Орта, жалпы орта білім беруге «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
3. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқаулық хат.
4. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық. Оқу-әдістемелік құрал. «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы. 2017 жыл.

УДК 37.013.42

ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В ШКОЛЕ

Итыбаева А. К. – педагог эксперт, учитель биологии, КГУ «Общеобразовательная средняя школа №1» отдела образования Железинского района, управления образования Павлодарской области», Павлодарская область, Железинский район, село Железинка.

По статистике самым актуальным вопросом стоит обучение учащихся с особыми потребностями, в эту группу входят дети различных психических, умственных и физических заболеваний. В данной статье описываются рекомендации педагогам по обучению и адаптации учащихся в школе так и в социуме посредством постепенного внедрения.

Ключевые слова: Инклюзивное образование, Мэйнстриминг, Интеграция, Аутизм, Общее недоразвитие речи(ОНР), Задержка психического развития (ЗПР), Детский церебральный паралич (ДЦП).

Часто встает вопрос об инклюзивном образовании и не зря, по данным ЮНИСЕФ 75% детей с особыми потребностями не имеют качественного образования регионов Центральной Азии и Восточной, Центральной Европы. По тем же данным на момент 7 марта 2019 года в Казахстане зарегистрировано 153 230 детей с особыми возможностями из них более 102 000 обучаются в специализированных школах различного типа и на дому. Но да же эти цифры не точные из-за не информированности или отрицания очевидного у родителей которые до последнего отрицают что их ребенок нуждается в специальном обучении или вмешательстве специалистов (Педагог дефектолог, психолог, логопед). Данную проблему обозначил Афшан Хан, региональный директор Отделения ЮНИСЕФ по странам Европы и Центральной Азии заявив «Это трагическая растрата потенциала как для самих детей и их семей, так и для национальной экономики и общества в целом», «Сегодня ЮНИСЕФ призывает инвестировать в обеспечение доступа к качественным и приемлемым по цене вспомогательным технологиям, поскольку они могут существенно увеличить число детей с ограниченными возможностями здоровья, практически реализующих свое основополагающее право на образование» [1].

Инклюзивное образование произошло от французского слова *inclusif* – включающий в себя, и латинского *include*-заключая. Термин обозначает обучение детей с различными проблемами такие как, Аутизм, Общее недоразвитие речи(ОНР) различных стадий, Задержка психического развития (ЗПР), Детский церебральный паралич (ДЦП) и т.д. В любой школе ребенок это индивидуальная личность с различными взглядами на жизнь и собственным внутренним миром а если считать что дети имеют особые потребности то государство, школа и учителя обязаны знать с чем имеют дело. Перейдем к списку распространенных проблем детей этой категории.

Аутизм – обозначает ушедший в себя человек. У детей данного типа выявлен врожденный дефицит психических и эмоциональных проявлений больше дети не чем не отличаются от своих сверстников. Причины развития заболевания точно не установлены. Специалисты выделяют лишь несколько версий:

- ДЦП;
- Перенесенное во время беременности или родов кислородное голодание;
- Перенесенные инфекционные заболевания во время беременности (цитомегаловирус, краснуха);